ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 маусым № 4360-24-00-2/1318 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дене шынықтыру,спорт және туризм басқармасының «№14 Жалағаш ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Назерке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дүйсенбек Назерке Дуйсенбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру
3.Шарттың күшін жою

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дене шынықтыру,спорт және туризм басқармасының «№14 Жалағаш ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Назерке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дүйсенбек Назерке Дуйсенбекқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дене шынықтыру,спорт және туризм басқармасының «№14 Жалағаш ауданының балалар-жасөспірімдер

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 26.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 05.08.2024
4360-24-3-1/1343

спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен жауапкер «Назерке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дүйсенбек Назерке Дуйсенбекқызының арасындағы 2024 жылдың 4 сәуіріндегі №56 шарт бұзылсын.

Жауапкер «Назерке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дүйсенбек Назерке Дуйсенбекқызынан мемлекет кірісіне 840 (сегіз жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы мен 3 717 (үш мың жеті жүз он жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 26.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 05.08.2024

4360-24-3-1/1343